

### Кайнақча

- 1 Kavcar C., Oğuzkan F., Sever S. Türkçe Öğretimi. – Ankara: Engin Yayınları, 2004.
- 2 Ur, P. Discussions that work. – Cambridge: Cambridge University Press, 1981. – S.120
- 3 Arslan M., Adem E. Yabancılara Türkçe Öğretiminde Görsel ve İşitsel Araçların Etkin Kullanımı // Dil Dergisi. – №147. – 2010. – S. 63-86
- 4 Taşdemir E. ve diğerleri. Pratik Türkçe Öğretim Teknikleri. – İzmir: Dilset Yayınları, 2003. – S. 79
- 5 Kurudayıoğlu M. Konuşma eğitimi ve konuşma becerisini geliştirmeye yönelik etkinlikler // Türklük Bilimi Araştırmaları. Türkçe'nin Öğretimi Özel sayısı, 2003. – S. 301
- 6 Küçükahmet L. Öğretimde Planlama ve Değerlendirme. – Ankara, Nobel: 2008. – S. 64-82
- 7 İzgören M. Oyunlarla Dil Öğretimi. – Ankara: Academplus Yayınları, 1999. – S. 10-12
- 8 Demirel Ö. Öğretme Sanatı. – Ankara: PegemA Yayınları, 2007. – S. 73.
- 9 Karadağ E., Çalışkan N. Kuramdan Uygulamaya İlköğretimde Drama/ Oyun ve İşleniş Örnekleriyle. – Ankara, 2008. – S. 93-94
- 10 Öz F. Uygulamalı Türkçe Öğretimi. – Ankara: Anı yayınları, 2001. – S. 232.
- 11 Ünalın Ş. Türkçe Öğretimi. – Ankara: Nobel Yayınları, 2001. – S. 122.
- 12 İşcan A. Yabancı dil olarak Türkçe Öğretiminde Filmlerin Yeri ve Önemi// International Periodical for the Languages // Literature and History of Turkish or Turkic. – Volume 6 /3 – Summer 2011. – S. 939
- 13 Barın E. Yabancı Dil Öğretiminde Kısa Filmlerin Yeri // Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Türkiye'de Yabancı Dil Eğitimi Ulusal Kongresi: Kongre Bildiriler Kitabı – Ankara: 2007. – S. 2

*FTAXP 16.21.33*

*Қ.А. Садықбеков<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті, Алматы қ., Қазақстан

### МӘМЛҮК ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ЕСІМШЕ ЖҰРНАҚТАРЫ

**Аңдатпа.** Есімше жасаушы жұрнақтар қыр-сыры мол және мағыналық ренктерге өте бай болып келеді. Сондықтан да есімше қосымшаларын бірде есімше, бірде қимыл есімі, енді бірде шақ

категориясы жасаушы қосымшалар арасынан көреміз. Мәмлүк қыпшақ тіліндегі есімше жұрнақтарының бірі *-мыш* қазіргі күнгі оғыз тобына кіретін тілдерде актив қосымшалар қатарында. Алайда мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде *-ған*, *-ген* жұрнақтары оны ығыстырып, атқаратын қызметтерін иемдене бастаған. Нәтижеде қазіргі қыпшақ тобына кіретін тілдер *-ған*, ал оғыз тобына кіретін тілдер *-мыш* жұрнағын қолданатын тілдер болып қалыптасқан.

Мақалада мәмлүк қыпшақ тіліндегі есімше жасаушы жұрнақтардың тұлғалық және мағыналық ерекшеліктері, қолдану жиілігі және даму жолдары секілді мәселелер қарастырылған.

**Түйін сөздер:** мәмлүк қыпшақ тілі, есімше жұрнақтары, қимыл есімі.

\*\*\*

**Аннотация.** Суффиксы создающие причастия являются разностаронными и богатыми к значимым оттенкам. По этому мы видим суффиксов причастия среди причастия, среди имя действия и среди суффиксов создающих категорию времени. Один из суффиксов причастия в языке Мамлюк кипчак *-мыш* в эти дни среди активных суффиксов в языках группы Огуз. Однако в языке Мамлюк кипчак суффиксы *-ған*, *-ген* отделили его и занимают свою позицию. В результате языки кипчакской группы используют суффикс *-ған*, а языки группы Огуз используют суффикс *-мыш*.

В статье рассматриваются такие вопросы, как личные и семантические особенности суффиксов кипчакского языка, частота использования и пути развития.

**Ключевые слова:** Язык Мамлюк кипчак, суффиксы причастия, инфинитив.

\*\*\*

**Abstract.** Participle forming suffixes are very inscrutable and have a rich meaning. That's why we see it sometimes as a participle and sometimes as a verb. One of the Mamluk-Kipchak participle suffixes – «mysh» nowadays one of active ending of the words that belonging to the Oguz language group. However, only in the language of Kipchak monuments, suffixes «gan» were taken out of the Kipchak monuments and began to perform their functions. As a result, the words belonging to the modern Kipchak group «gan», also the words belonging by Oguz «mysh» are languages that they used then.

Semantic features of suffixes of the Kipchak language, frequency of use and development are considered in the article .

**Key words:** Kipchak language, adjective suffixes, participle suffixes.

Есімше категориясын әрі зат есімдерге, әрі етістіктерге тән қасиеттерінің болуы себепті кей зерттеушілер оны зат есім категорияларына, енді біреулері етістік категорияларына қатысты

қарастырады. Ы.Маманов есімше категориясына қатысты: Есімше формалары әрі етістікке, әрі сын есімге тән қасиеттерді бойына сақтайды. Есімше – етістік негіздеріне арнайы форма тудырушы афикстер жалғану арқылы жасалатын етістікке тән грамматикалық категория, - дейді [1]. Белгілі түрік ғалымы М.Ергин: Есімше іс-әрекет және уақыт ұғымдарын бойында сақтаған, алайда есім сөздер секілді жұмсалатын, солар секілді тәуелденіп, септелетін етістік формалары, - деген [2]. Есімшенің өзі қаншалықты күрделі грамматикалық категория болса, оны жасаушы қосымшалар да қыр-сыры мол және мағыналық ренктерге өте бай болып келеді. Сондықтан да есімше қосымшаларын бірде есімше, бірде қимыл есімі, енді бірде шақ категориясы жасаушы қосымшалар арасынан көреміз. Мақаламызда Мәмлүк қыпшақ тіліндегі есімше категориясын жасаушы жұрнақтарға арнайы тоқталып, олардың тұлғалық және функционалдық ерекшеліктерін сипаттайтын боламыз. Зерттеу нысанына қыпшақ тілі материалдары ретінде XIV-XV ғасырларда мәмлүк қыпшақтары тіліде жазылып, осы күнге жеткен *Мүниетұл Гузат (МГ)*, *Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди (КМ)*, *Китаб фил-фыкһ (КФ)*, *Китаб фил-фыкһ бил-лисаниит-турки (КФТ)* ескерткіштерін негізге алатын боламыз.

Жалпы тарихи түркі жазба ескерткіштерінде, соның ішінде мәмлүк қыпшақ жазбаларында да жиі ұшырасатын есімше жұрнақтарының бірі - *мыш*, -*миш* жұрнақтары. Түркі тілдерінің ең көне дәуірінен бері есімше жұрнақтары ретінде қолданылып келе жатқан -*мыш*, -*миш* жұрнақтары қазіргі күнгі оғыз тобына кіретін тілдерде актив қосымшалар қатарында. Қарлұқ және қыпшақ тобына жататын тілдерде болса не пассив немесе мүлдем қолданылмайды. Сондықтан да түркітанушылар –*мыш* қосымшасын оғыздық элемент деп қарайды. Алайда –*мыш* есімше жұрнағының көне түркі тілі мен орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде актив қолданылғанын, орта ғасырлардан бастап қыпшақ тілдерінде орнын -*ган*, -*ген* жұрнағы басқанын аңғаруға болады. Нәтижесінде оғыз тілдері -*мыш*, -*миш*, ал қыпшақ тілдері -*ган*, -*ген* жұрнақтарын қолданатын тілдер ретінде қалыптасты. Б.А. Гөкдағ -*мыш* есімше жұрнағы жайында: «Шығу тегі жағынан іс-әрекеттің нәтижесін білдіретін -*мыш* жұрнағы тарихи даму барысында түркі тілдерінде етістіктерге өткен шаққа қатысты түрлі мағыналар жүктеген» дейді [3]. Мәмлүк қыпшақ тілінде де –*мыш* жұрнағының түрлі қызмет атқарғанын көреміз.

Ең әуелі түркі жазба әдеби тілінің өзге кезеңдеріндегі секілді -*мыш*, -*миш* жұрнағының мәмлүк қыпшақ тіліндегі негізгі қызметі есімше жасау. Яғни өзінен кейінгі келген сөзді анықтап, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады: **КМ**: Тәңрі та’ала вергей аңа елік йыллық қылмыш сәуабы (36а, 6) (*Тәңір тағала оған елу жылдық қылған сауаптан берсін*); **МГ**: қазылмыш кең бір йол бар туруп (90а, 9) (*қазылған кең бір жол бар*); **КФ**: Йа Аллах саңа сығынур мен, рижсен, нәжісен хабісен мухбісен

сорулмыш шәйтан шерінден (Ей Алла! Ластықтан, кірден және жамандықтан, сұраққа тартылған шайтанның шерінен саған сиынамын); **КФТ**: сатмақа дәстүр верилмиш құл қашан хатуны бірле чекішселер (74b, 25) (сатылуға рұқсат етілген құл қашан әйелімен дауласса) т.б.

Дегенмен мәмлүк қыпшақ тілінде *-мыш* қосымшасының есімше мәнінде қолданысы сирек ұшырасатын құбылыс. Себебі қыпшақ ескерткіштерінде *-мыш* жұрнағының бұл қызметін көп жағдайда *-ған* есімше жұрнағы атқарған. Алайда *-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелер субстантивтеніп, *ол-, бол-, тап-, көр-, ти-* көмекші етістіктермен тіркесіп күрделі етістік құрайды. Жұрнақ осы қызметте актив қолданылған: **МГ**: Егер кіші суретін камил алтун бірле язылмыш көрсең (87b, 9) (Егер кішінің түрін сап алтынмен жазылғанын көрсең); атлығ бір кіші мұны хикаят қылмыш терлер (105 b, 8) (Атты кісі мұны хикая қылған деседі); **КФ**: Қачан бұнұң кібі ішлесе агзыны арытмыш олур (74a, 4) (Қашан осылай істесе аузын тазалаған болады); Аркун айтсун егер имама уймыш олса (147a, 2) (Егер имамға ұйған болса ақырын айтсын); Кеже намаз қылмыш ола (93a, 4) (Түнде намаз қылған болсын); **КФТ**: Ол кіші әууәлкі да'уасында йалған олмамыш олур (12a, 31) (ол кісі әуелгі дауында жалған болмаған болады); ol hoca ol kulga destur virmiş olsun (17b, 52) (Ол қожайын ол құлға рұқсат берген болсын) т.б.

*-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелер субстантивтенгендіктен өзге зат есімдер секілді *кібі* (сияқты) шылауымен тіркесе алады және болымсыз формасы да зат есімдер секілді *дегүл* (емес) шылауы арқылы жасалады: **КФ**: Ол күндүз оруч дутмыш кібідүр кеже намаз қылмыш кібідүр (10b, 5) (Ол күндіз ораза тұтқан сияқты, түнде намаз оқыған сияқты); **КФТ**: Ол тажірліке дестур верілміш дегүлдүр (74b, 47) (ол саудаға рұқсат берілген емес) т.б.

*-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелердің субстантивтенуі көне түркі дәуірінен бері кездесетін құбылыс. М.А. Ахметов Орхон ескерткіштерінде *-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелердің тек 4 жерде ғана заттанғанын және олардың септік жалғауын қабылдайтынын, субстантивтенуінің басты себебі де сол септік жалғаулары екенін айтқан [4, 155]. Насилов да ескі ұйғыр тілінде *-мыш* жұрнақты есімшелердің заттануының көп ұшырасатынын жазады [5]. Мәмлүк қыпшақ тілінде де *-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелер субстантивтеніп түрлі септік жалғауларын қабылдайды: **КФ**: өлмішлері дірі ейлейіжі сен (27b, 3) (өлгендерді тірілтушісің); рахмет ейлемесең зиан ейлемішлерден олур біз (144b, 4) (мейірім жасамасаң зияндық көрушілерден боламыз); мұ'мін 'ауратлар йазуғын бағышла дірілері дахы өлмішлері (154a, 5) (мүмін әйелдердің күнәсін кешір, тірілерді және өлгендерді); **КФТ**: Имам Мухаммед қатында тәжірліке верілмішүң хүкмі дахы ер бірле хатун екісі дахы һүр олғануң хүкмі кибидүр (74b, 50-52) (Имам Мұхамметтің

пікірінше саудаға берілгеннің үкімі және ер мен әйелдің азат кісінің үкімі секілді) т.б.

Мәмлүк қыпшақ тілінде *-мыш*, *-миш* жұрнақтарының етістіктен зат есім жасаушы жұрнақ ретінде де көреміз: **КМ**: *Йа илаһи мен сығынурман саңа рижсен нәжісен хабисден ташланмышдан* (31a, 4) (*Ей Аллам,ластықтан, кірден және таспен қуылғаннан /шайтаннан/ саған сиынамын*); **МГ**: *богунуң ішінде йеміш болғай* (81b, 5) (*тезегінің ішінде жеміс болсын*); **КФ**: *барча йарадылмыш фани олгандан соңра* (1b, 4-5) (*барлық жаратылыс пәни болғаннан соң*) т.б.

Мәмлүк қыпшақ тілінде есімше қосымшалары арасында аса жиі, әрі белсенді қолданыс тапқан, өткен шақ есімшесін жасаушы *-ған*, *-ген* жұрнағын кей зерттеушілер Орхон-енисей жазбаларында кездеспейтіндігін және көне ұйғыр ескерткіштері мен Құтатғу Білік дастанында сирек кездесетіндігіне сүйене отырып, орта ғасырлардың бастапқы кезеңдерінде пайда болғанын алға тартады. Алайда аталмыш ескерткіштерде кездеспеуі бұл жұрнақтың ол дәуірлерде болмағандығына дәлел болмаса керек. М. Оразов Алтай тілдері тобына кіретін моңғол және тұңғыс-манчжур тілдерінің өзінде бұл тұлға әлі күнге есімше қызметінде қолданылатынын, сондай-ақ көне түркі тіліндегі *Өтүкен* топонимінің де сол көненің сарқыншағы екенін айта келіп, бұл қосымшаның тарихы тым тереңде екенін ескертеді [6]. Дегенмен Түркі жазба әдеби тілі тарихында Қашқари сөздігінен бастап көрініс бере бастаған бұл жұрнақ, Щербактың айтуы бойынша X-XIII ғасыр ескерткіштерінде көне түркілік *-миш* формасымен тең дәрежеде және бірдей мәнде жарыса қолданылған [7]. Бұл жағдай XIII-XIV ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінде де қайталанады. Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *-миш* тұлғасы *-ған* тұлғасына қарағанда өте сирек ұшырасады. Алайда ескерткіштердің ешқайсысында *-ған* жұрнағы қазіргі қазақ тіліндегідей бұрынғы өткен шақ жұрнағы ретінде баяндауыштық қызметте қолданылмайды. Таза есімше жұрнағы ретінде мәндерде жұмсалған. Енді мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-ған* жұрнағының қызметіне тоқталайық.

Өткен шақ есімше жұрнағы ретінде зат есімдерден алдын келіп анықтауыштық қызмет атқарады: **КМ**: *Жинлер иман кетүрген кеже* (*жындар иман келтірген түні*); **Мұсайа** *верген сауабы* (*Мұсаға берген сауапты*); **КФТ**: *ол қады ол уақыт болған меселенуң ішінде хақ һүкмі көңлі бірле іздесе* (*Ол қазы уақыты өткен мәселенің ішінде ақиқат үкімді шын көңілмен іздесесе*); **КФ**: *құлының йашұрып сөйлегенні, өзі қатында қаты чағыруп сөйлеген кібідүр* (2b, 1) (*құлының жасырын сөйлегені өзінің қасында дауыстап сөйлегені сияқты*); **МГ**: *қачан бұ айытғанларым саңа табиат уә әдет болса* (18b, 7) (*осы айтғандарым қашан табиғатыңа сіңіп әдет болса*) т.б.

-ган -ген тұлғалы есімшелер субстантивтеніп, өзге есім сөздер секілді жіктік жалғауын (-дур -дүр) қабылдап сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарған: **КМ**: йахшиси ол икиси айтқандур (*жақсысы ол екеуі айтқан*); йүз диген көрүнгендүр кишийе (22а, 6) (*жүз деген кісіге көрінген /нәрсе/*).

Көбіне субстантивтеніп, түрлі септік жалғауларын қабылдайды да, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері қызметін атқарады: **КМ**: шул уақт күнәш батғанда (14б, 4) (*сол кезде күн батқанда*); дахы йатсу олғанда (14а, 2) (*және құптан уақыты болғанда*); кидерди менден бени инжиткени (34б, 4) (*менен менің жаныма батқанды кетірді*); **КФТ**: ‘іліміні зинет қылды ‘алімлерге, чырақ қылды ‘ілім оқғанлара (2b, 2) (*ілімін ғалымдарға сән қылды, шырақ қылды оқығандарға*); мәлайклер қанатларыны дөшер ‘ілім іздегенлере (9а, 1) (*періштелер ілім іздегендерге қанаттарын төсейді*); **МГ**: емін болмас ат секіргенде ейрдин чықмақдын (8b, 5) (*ат секіргенде егерден ауып кетуден сенімді болмайды*); сол ел бірле дешдід қылғанны аз көрдім (22b, 2) (*сол қолымен күш бергенді аз көрдім*); **КФ**: Аллаһичүн ‘амал ейлегенлерден, тәуеккүл ейлегенлерден, сабр қана‘ат ейлегенлерден (26ба, 3) (*Алла үшін амал еткендерден, тәуекел еткендерден, сабыр және үе қанағат еткендерден*) т.б.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде кездесетін есімше қосымшаларының бірі -ан, -ен жұрнақтарының қызметі мен мағынасы жағынан -ган, -ген жұрнақтарынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Екеуі де бір жұрнақтың екі түрлі, бірі қыпшақ тілдеріне, бірі оғыз тілдеріне тән фонетикалық варианттары болып табылады: **КМ**: инкәр иден ана кафир олур (43а, 1) (*мойындамаған кәпір болады*); ол киши йуғай су чықан йири (27а, 5) (*ол кісі жусын су шыққан жерді*); **КФ**: Тәңрі та‘ала язуғын бағышлайа, кечен язуқларыны (21ба, 7) (*Тәңір тағала күнәсін кешірсін, өткен күнәларын*); Тәңрі та‘ала йүже ейлер мәртебелерін иман кетүрен кішілерүң (7b, 6) (*Тәңір тағала иман келтірген кісілердің мәртебеісн биік етеді*) т.б.

Сөз соңы дауыстыға аяқталса й дәнекері арқылы жалғанады: **КМ**: олур тәрк әйләйән ‘аси (43а, 1) (*тәрк еткен күнәһәр болады*); тәрк ейлейен фасық олур (43а, 2) (*тәрк еткен насық болады*); **КФ**: сабр ейлейенлерден қыла бәлаларына, шүкр ейлейенлерден қыла ни‘меттеріне (173а, 6) (*Бәлелеріне сабыр еткендерден, нығметтеріне шүкір еткендерден қылғай*). Көпшілік тілшілер -ан -ен формаларының -ган -ген есімше тұлғаларының алғашқы дыбысының элизияға ұшырап ықшамдалған түрі деп қарайды. Алайда оның нақты қай дәуірлерден бастап қалыптасқаны белгісіз. Қашқари бұл жөнінде түркілердің «ол емге бараған ол» (ол үйге қайта қайта баратын) дегенін оғыздардың «ол емге баран», сондай-ақ «ол қулын ұраған» (ол құлын беретін) дегенді «ол қулын уран» дейтіндігін жазады [8]. Яғни -ан -ен жұрнақтарының қалыптасуы өте ертеректе болған құбылыс болған сияқты.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде кездесетін есімше жұрнақтарының бірі *-дұқ*, *-дүк* қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеспесе де түркі жазба әдеби тілі тарихында өте ертеден бері қолданылып келе жатқан көне жұрнақтардың бірі. Й. Экманн Хорезм және Алтын орда аймағында жазылған ескерткіштер тіліне қарағанда Мүмлүк қыпшақ тілінде бұл жұрнақтың еркін қолданылғанын айтады [9, 36]. Дегенмен аталмыш жұрнақтардың қолданылу жиілігі мәмлүк қыпшақтарынан келіп жеткен ескерткіштердің барлығында бір деңгейде емес. Зерттеу нысанына алып отырған ескерткіштерден **МГ**-де мүлдем кездеспесе **КМ** және **КФ**-де паасив қосымшалар қатарында. Тек **КФТ**-де ғана актив қолданылған. Көбіне қимыл есімі және өткен шақ есімшесі жасайтын *-дұқ*, *-дүк* жұрнақтары мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде түрлі формаларда және мәндерде кездесіп отырады.

Ең әуелі етістік түбірге тікелей жалғанып, сын есімдер секілді өзінен кейін келген сөзді анықтап тұрады: **КФ**: риуайәт ейледүк хадислерден (75a, 1) (*риуаят еткен хадистерден*); **КФТ**: ‘ақыл кірмедүк оғлан үстіне данұқлық вермек (1a, 34) (*ақылы кірмеген баланың атынан куәлік беру*); ұшбу меселенүң кім ейддүк хүкмі кібідүр (153b, 39) (*Мына мәселенің айтқан үкімі сияқты*).

*-дұқ*, *-дүк* жұрнақтары жалғанған етістік тәуелдік жалғауын қабылдайды да өзінен кейінгі сөзді анықтап тұрады: диледүгүмүз зинәтден уйатлығын йапмақдур (12b, 4) (*Тілегеніміз сәндену ұятты жерді жабу*); **КФТ**: Ол уәди’ат қодұқұң мың ахча хәлақ олды десе (64a, 10) (*Ол аманат етіп қойған мың ақша шашылып кеткен болса*); Ол менүм оғлүмдүр дедүкі кіші кібі (4a, 4) (*ол менің ұлым деген кісі сияқты*) т.б.

*-дұқ*, *-дүк* жұрнақты қимыл есімі тәуелдік жалғауын қабылдап сөйлемнің бастауышы болады: **КМ**: биш дидүгүмүз дилдедүр (46a, 5) (*бес дегенимиз тілде*); **КФТ**: Бұ құлы мен фалан кішіге сатдүм дедүкі кендүнүн хақында ешідүлүр (10b, 33) (*бұл құлды мен пәленше кісіге саттым дегені өзінің алдында тыңдалады*); ев ейесүнүн мүнүн кібі дедүкі ешідүлүр (32a, 19) (*Үй иесінің осылай дегені тыңдалады*) т.б.

*-дұқ*, *-дүк* жұрнақты қимыл есімдерінің тәуелдік септеулі формасы сөйлемнің толықтауыш және пысықтауыш мүшелері қызметін атқарады. **КМ**: иқрар ейлемек теңри та’алануң бирлигине нәбилерүң килдүгине дахы рәсүлдерүң килдүгине (43b, 6) (*Тәңір тағаланың бір екендігін, нәбилердің келгендігін, расулдардың келгендігін растау*); **КФ**: Тануқ сен, менүм сыррұмы көрүр сен, ашикарә ішледүгүмі дахы көрүр сен (31b, 1) (*Куәсің, менің құпиямды көресің, ашықтан-ашық істегенімді де көресің*); **КФТ**: ол оғланүң балиғ олдұқыңа хүкүм олынүр (166a, 21) (*Ол баланың балиғатқа толғанына үкім жасалады*); өлдүрмек харам ыдұқыны білмесе (190a, 16) (*өлтіру харам екенін білмесе*); кішінүң өлдүкіні кімсе көрмесе (227a, 2) (*кісінің өлгенін ешкім көрмесе*) т.б.

-дұқ, -дүк жұрнақты қимыл есімі өзінен кейін *ичүн, соңра, себебінден* секілді септеулік шылауларды тіркеп қолданылғанын көреміз. Мұндай жағдайда *-дұқ, -дүк* жұрнақтары шылаулармен септік жалғауларының бірі арқылы тіркеседі: **КФ**: бәла дүшмеді иллә чоқ хижабы олдұғы ічүн (26ба, 1) (*бәле келмеді тек өте ұялшақ болғаны үшін*); **КФТ**: Ол кіші өлдүкінден соңра бір өзге кіші келсе (10б, 3) (*ол кісі өлгеннен кейін басқа бір кісі келсе*); Сен фалан кішіге замын олдұқұң себебінден деді (30б, 30) (*Сен пәленше кісіге кепіл болғаның себепті деді*) т.б. Жоғарыда да аңғарғанымыздай мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде есімше қосымшалары арасында ең белсенді, әрі актив қолданылған *-ған -ген* қосымшалары. Ал *-мыш, -ан, -дұқ* есімше жұрнақтары болса *-ған* қосымшасының көлеңкесінде қалып қойған. Бұл жағынан мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштерін қыпшақ тілдеріне соның ішінде қазіргі қазақ тіліне бір табан жақын деуге болады. Қорыта келгенде тіліміздің тарихи тамыры саналытын мәмлүк қыпшақ тіліндегі грамматикалық категориялар мен оларды жасаушы қосымшаларды зерттеу нысанына алу, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеу қазіргі қыпшақ және оғыз тобындағы тілдердің даму жолын және өзара туыстық қатынасын анықтауға өз септігін тигізері сөзсіз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- 2 Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul, 2001. – 407 s.
- 3 Gökdağ B.A. Halaç Türkçesinde –mxş Ekinin Zarf Fiil Eki Olarak Kullanılmasına Dair//VIII. Milletlerarası Türkoloji Kongresi. 30 Eylül – 4 Ekim. İstanbul, 2013. – S. 631-642
- 4 Ахметов М. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников. – Саратов, 1978. – 131 с.
- 5 Насилов В.М. Древнеуйгурский Язык. – М.: Изд-во вост. лит-ры, 1963. – 122 с.
- 6 Оразов М. Етістік. – А., 2001. – 387 б.
- 7 Щербак А.М. Очерк по сравнительной морфологии тюркских языков. – Л.: Ленинград.отд.изд. Наука, 1981. – 183 с.
- 8 Қашғари М. Девану Луғатит турк, I, – Т., 1960. – S. 69.
- 9 Ekcman J. Memlük Kırçakçasının Oğuzlaşmasına Dair // TDAY Belleten, Ankara, 1989. – s. 35-41